

- 2.4. Мектеп формасы балалар арасында киім киюдегі бәсекелестікті болдырмауға, материалдық, әлеуметтік, діни жағдайлардың белгілерін жоюға мүмкіндік береді;
- 2.5. Мектеп формасы адамның нақты осы мектепке тиесілілігін сезінуге мүмкіндік береді, мектеп тұлғасын қалыптастырады және мектептің жалпы имиджін нығайтады;
- 2.6. Мектеп формасы гигиеналық талаптарға сәйкес келеді;
- 2.7. Эстетикалық талғамды, киіну мәдениетін қалыптастырады және дамытады.

### **III. Білім алушылардың формасы мен сыртқы келбетіне қойылатын негізгі талаптар**

- 3.1. Киім стилі – іскерлік, классикалық;
- 3.2. Мектеп формасы күнделікті және спорттық болып бөлінеді.

#### ***3.3.1. Күнделікті мектеп формасы:***

- мектеп эмблемасы бар сұр түсті трикотаж пиджак;
- мектеп эмблемасы бар ақ көйлек;
- классикалық пішінде сұр түсті шалбар (ұлдар мен қыздарға арналған), ұлдарға арналған сұр түсті шалбар-слакс, ұлдарға арналған сұр түсті шалбар-джоггерлер;
- дөңгелек бүктемелі, түймелі орауы бар немесе серпімді резеңкелі сұр түсті юбка (тізеден жоғары 7 см-ден аспайтын және тізеден төмен 7 см-ден аспайтын);
- мектеп эмблемасы бар жасыл түсті футболка;
- мектеп эмблемасы бар, жеңі қысқа, ашық жасыл түсті трикотаж поло;
- мектеп эмблемасы бар, жеңі ұзын, ашық жасыл түсті трикотаж поло;
- мектеп эмблемасы бар жасыл түсті трикотаж капюшон;
- мектеп эмблемасы бар жасыл түсті трикотаж бомбер күртешесі;
- мектеп эмблемасы бар жасыл түсті трикотаж свитері;
- Nike пен мектеп эмблемасы бар қара түсті жаңбыр күртешесі;

#### ***3.3.3. Спорттық форма:***

- мектеп эмблемасы бар ашық жасыл түсті футболка;
  - жасыл түсті трикотаж шорт;
  - жасыл түсті спорттық костюм: мектеп эмблемасы бар ілгекті жемпір және трико;
- 3.4. Сыртқы келбет қоғамда жалпы қабылданған нормаларға сәйкес іскерлік стиль және зайырлы болуы керек.

## **IV. Білім алушының құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі**

### **4.1. Білім алушылардың құқығы бар:**

4.1.1. Ұсынылған нұсқаларға сәйкес мектеп формасын таңдауға;

4.1.2. 7-11 сынып аралығындағы қыздар мектеп формасының тізіміне кірмейтін сұр түсті, классикалық пішінді юбка/шалбарды таңдай алады;

4.1.3. Қараша айынан наурыз айының соңына дейінгі кезеңде мектеп формасының тізіміне кірмейтін, жылылығы бар классикалық пішінді сұр түсті шалбар киюге;

4.1.4. Қоғамда жалпы қабылданған этикалық нормаларды сақтай отырып, мектеп әкімшілігі белгілеген күндері (тоқсанына 1-2 рет) еркін формада келуге.

### **4.2. Білім алушыларға тыйым салынады:**

4.2.1. Оқу сабақтарына мектеп формасынсыз келуге;

4.3.2. Білім беру мекемесінің ғимаратында бас киім киюге;

4.3.3. Жағажай аяқ киімін, кешкі аяқ киімді және биік өкшелі аяқ киімді (5 см-ден астам), тәпішкені киюге;

4.3.4. Жаппай аксессуарлар мен зергерлік бұйымдарды тағуға (моншақтар, брошьтар, сырғалар, сақиналар, үлкен ілгектері бар белдіктер);

4.3.5. Оқу сабақтарына ашық экстравагантты тондардағы маникюрмен (көк, жасыл, қара және т. б.), ашық түстердегі дизайнмен (суреттер, стразалар, клипсалар) келуге;

4.3.6. Оқу сабақтарына ашық макияжбен, пирсингпен және әртүрлі ашық түстерге боялған шаштармен келуге;

4.3.7. Еркін формада келетін күндерде киюге: терең кесілген киімдер; әлеуметтік бейресми жастар бірлестіктерінің рәміздері бар, сондай-ақ психоактивті заттар мен құқыққа қайшы мінез-құлықты насихаттайтын киімдер; белі төмен және (немесе) жоғары кесілген шалбар, юбкалар; мөлдір түсті киімдер;

4.3.8. Мектеп формасының элементтерін (футболкалар, бомберлер, жейделер, капюшондар, свитерлер және т.б.) бас киім, алжапқыш, белге байлап таңғыш ретінде пайдалануға және киімнің тікелей мақсатына сәйкес келмейтін өзге де әрекеттер жасауға;

4.3.9. Білім алушылардың сыртқы келбетінің сәйкестігіне қатысты даулы мәселелер туындаған кезде әкімшіліктің кез келген мүшесінің пікірі түпкілікті болып табылады.

### **4.4. Жауапкершілік**

4.4.1. Егер білім алушы мектепке мектеп формасында келмеген жағдайда, сынып жетекшісі ата-анасына бірден хабарлауы тиіс;

4.4.2. Мектеп формасынсыз келген білім алушыға сабаққа қатысуына рұқсат етіледі, бірақ бұл ретте уәкілетті тұлға немесе сынып жетекшісі жазбаша ескерту жазып, ата-анасына өз баласының мектепке мектеп формасымен келуін қамтамасыз ету жөнінде тиісті шаралар қабылдағаны туралы хабарлама жібереді;

4.4.3. Егер білім алушы тарапынан бұзушылықтар 3 реттен артық қайталанса, онда сынып жетекшісі немесе уәкілетті орган тәртіпті бұзушылық туралы акт жасайды;

4.4.4. Осы Ережеде белгіленген мектеп формасы мен сыртқы келбетіне қойылатын талаптарды жүйелі түрде сақтамайтын білім алушыларға Мектептің ішкі саясатына сәйкес тәртіптік жаза шаралары қолданылады.

## **V. Сынып жетекшісінің құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі**

### **5.1. *Сынып жетекшісі:***

- Осы Ереженің тармақтарын білім алушылар мен ата-аналарға қол қою арқылы түсіндіреді;
- Оқу сабақтары басталар алдында өз сынып оқушыларының мектеп формасын киюіне және аяқ киімін ауыстыруына күнделікті бақылауды жүзеге асырады;
- Ата-аналарды білім алушының мектеп формасының жоқтығы туралы (факті болған күні) уақтылы хабардар етеді, қажет болған жағдайда оларды Мектептің ішкі саясатына сәйкес Тәртіптік кеңеске шақырады;
- Лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында, білім беру мекемесінің жергілікті актілерінде көзделген жауаптылықта болады.